


Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жеміс-жидектер: Қарбыз

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	
	<ul style="list-style-type: none">• қарбыз туралы <i>әңгімелейді</i>;• үш тілде атын айтып, қайталайды, жаттап алуға тырысады, буынға бөлу, буында қанша әріп, дыбыс сандарын <i>біледі</i>;• боялған қарбызда неше түс бар екенін анықтайды, оны қарындаш санымен <i>салыстырады</i>;• қарбыз суретіндегі кесіліп тұрған кесінді неге тегіс еместігін <i>нақтылайды</i>;• суреттегі боялған қарбызға ұқсатып салу үшін жұмыс ретін <i>ойластырады</i>;• салынған суреттерді <i>салыстырады</i>.
Пәнаралық байланыс:	
	танымдық (<i>жаратылыстану, математика</i>) шығармашылық (<i>бейнелеу</i>) коммуникациялық (<i>сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер</i>) әлеумет (<i>қоршаған ортамен таныстыру</i>)
Білім алушы игеретін білік-дағды:	
	<ul style="list-style-type: none">- қарбыз, оның ерекшелігі, дәмі, жеген кездегі сезімін еске түсіреді;- үш тілде еске сақтайды, буын, әріпті санайды;- боялған суреттегі түс санымен қарындаш сандарын санап, ой қорытады;- боялған қарбыз кесіндісінің неге олай боялғанын салыстырып тұжырымдайды;- боялған сурет бойынша екінші қарбызды бояу үшін, жұмыс алгоритмін құрады;- суреттерді салыстырып тұжырым жасайды.
ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:	
	1. ҰОҚ-ның тақырыбын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.) 2. Тапсырманы орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік) 3. Рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
1. ҰОҚ-ның тақырыбын ашу (топпен жұмыс)	
	
Топқа сұрақ:	
	Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс) Өткен сабақта қандай жеміспен таныстық? Қауын Бүгін қарбызбен танысамыз.

¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады

	Ерекшелігі	Қарбыз	Қауын
	Ұқсастығы		

Сюжетті сурет (топпен әңгімелеп, салыстырады)
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

ЖЕМІС – ҚАРБЫЗ (кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

Қауын	Дыня	Melon
Қарбыз	Арбуз	Watermelon

Watermelon – **сулы қауын** деген мағынаны береді.

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санын жазамыз (танымдық дағды)

3. Боялған қарбызда не түс бар? _____ Қарындаш саны 3 неге?
_____ (тиянақтылыққа баулу)


4. Боялған қарбызға ұқсатып салу үшін алдымен қай түстен бастаймыз? Еске түсір!
(танымдық дағды)

Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет? **Бояймыз.**

Тапсырманы орындау алгоритмі:


- Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз
- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)

Өздік жұмыс



5. Кітаптағы салынған сурет пен боялған суретті салыстыр.

- ✓ бірдей
- ✗ бірдей емес
- = ұқсас



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.